

К.Ә. САҒАДИЕВТЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

С.З.ЗИМАНОВ,

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
академигі*

Ә.Ә.ӘБШЕВ,

*экономика ғылымдарының докторы,
профессор*

С.Б.БАЙЗАКОВ,

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының
академигі*

Республикамыздың көрнекті ғалымы және педагогы, белгілі жоғары мектеп пен ғылымның ұйымдастырушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев 2008 жылдың 18 ақпанында 70 жасқа толады.

К.Ә. Сағадиев - экономика ғылымдарының докторы (1977ж.), профессор (1978ж.), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының (1994 ж.) және Пәкістан Ғылым академиясының академигі (1997 ж.), АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының мүшесі (1996 ж.) және Халықаралық жоғары мектеп академиясының толық мүшесі (академигі) (1997 ж.). Қазақстанның төрт жетекші оқу орындарының ректоры (президенті) (1982-1990 жж.; 1992-1994 жж.; 1996-2001 жж.; 2002-2004 жж.) және ҚР ҰҒА Президенті (1994-1996 жж.) болып қызмет атқарды. Қазақстан Республикасы үшінші (2004-2007) және төртінші (2007 жылдан осы уақытқа дейін) шақырылған Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланды, оның Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы (2004-2007 жж.) болды. Қазір «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төртінші шақырылымының депутаты ретінде оның Экология және табиғатты пайдалану комитетіне кіреді.

Академик К.Ә. Сағадиев мұндай биік деңгейге өзінің талай кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық сирек таланты мен еңбекқорлығының, энциклопедиялық білімінің, ерекше ақыл-парасаты мен іскерлігінің арқасында қол жеткізді.

К.Ә. Сағадиев Қостанай облысы, Жангелдин ауданының бұрынғы 1-ауылында дүниеге келген (1938 ж.). Балалық шағы тауқыметі көп соғыс

жылдарына тура келгендіктен, өз қатарлары секілді ерте есейіп, оқу-білімге талпыныс жасады, бұл оның кейін өмірінің өзегіне айналды.

Кенжеғали Әбенұлы алты балалы (үш ұл, үш қыз) отбасында өсті. Оның ата-анасы өмірдің өзі үйреткен, таңның атысы, күннің батысы балашаға камын ойлаған колхозшылар болатын. Әкесі Сағадиев Тыныштықбаев ферма менгерушісі қызметін атқарды, ауылға сыйлы азамат болған, 1950 жылы дүниеге салды.

Әбен Сағадидің енші алмаған немере ағасы болатын, Кенжеғалидің бала кезінде бәрі бір отбасында өскен. Сондықтан ол әкесі жағынан Әбенұлы болып жазылған. Кенжеғали Әбенұлының шешесі - Қаламқас Сардарбекқызы ұзақ жылдар колхоз жұмысында болған, балаларының бәрін аяғынан тұрғызып, қиындығы мен қызығы мол ұзақ өмірін солардың қасында өткізіп, 1985 жылы дүниеден озған.

Кенжеғали Әбенұлының білімге деген талпынысы сәтті болды. Ол Жангелдин (1945-1950 жж.) және Семиозер (1950-1955 жж.) аудандарының мектептерінде оқып, 1955 жылы онжылдықты күміс медальмен аяқтады. Сол жылы республикадағы бірден-бір жалғыз С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті) оқуға түсіп, ондағы жастар ұйымының белсенді мүшесі болды, ғылыми зерттеулерге араласты, Алматыда, Самарқандта, басқа да қалаларда өткен ғылыми конференцияларда мазмұнды баяндамалар жасады, үздік оқуы үшін Сталин (кейін Ленин) атындағы стипендияның иегері болды, университетті өнеркәсіп экономикасы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіріп

шықты (1960 ж.). Осындай алғашқы нәтижелер жас маманның өзі білім алған оқу орнында ғылыми-педагогикалық қызметке шақырылуына себепші болды.

К.Ә. Сағадиев еңбек жолын аталған университеттің халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының ассистенті қызметінен бастап (1960 ж.), кейін осында аға оқытушылыққа жоғарлатылды.

1963 жылы Кенжеғали Әбенұлы Г.В. Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтының аспирантурасына түсіп, оны мерзімінен бұрын нәтижелі аяқтап, «Одақтас республикалардағы күрделі құрылыстарды кешенді материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, елге оралды.

К.Ә. Сағадиевтің педагог, зерттеуші, ірі ғалым, басқарушы және ұйымдастырушы ретінде қалыптасуына Алматы халық шаруашылығы институтында (қазіргі Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) қызмет істеуі ерекше рөл атқарды. Ол осы жоғары оқу орнын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі болды, оның қалыптасуы мен өркендей түсуіне ғылыми-педагогикалық қызметінің жиырма жылын арнады.

1966 жылы Кенжеғали Әбенұлы осы институттың (АХШИ) жоспарлау -экономикалық факультетінің деканының орынбасары қызметіне тағайындалып, бұл қызметті абыроймен атқарды. Студенттер қауымына ағалық қамқорлықпен қарап, олардың шын мәніндегі жанашыр жетекшісі болды.

Жоғары оқу орнының келешегін жіті көре білген, ұйымдастырушылық қабілеті күннен-күнге өсе түскен, кәсіби білімі терең жас ғалым көптің көзіне ерте ілікті, осының бәрі оны небәрі үш жылдан соң институт партия комитетінің хатшысы (1969-1973 жж.), кейін оның оқу ісі жөніндегі проректоры қызметтеріне ұсынуға мүмкіндік берді.

Аталған қызметтерде К.Ә. Сағадиев барлық күш-жіерімен аянбай еңбек етті. Жоғары оқу орны басшыларының бірі ретінде институтты әрі қарай өркендету жолдарын ұдайы іздестірді. Оқу ғимараттарын, жатақхана, тұрғын үйлер салуды қолға алды, экономиканың келелі ғылыми-практикалық бағыттарына сай жаңа мамандықтар ашуға басшылық жасаушылардың бірі болды.

Қазір Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті Қазақстанның ірі әрі беделді

жоғары оқу орындарының біріне айналды. Оның заман талабына сай материалдық-техникалық базасы бар. Оны осы жоғары деңгейге көтеруге АХШИ-дің бірінші ректоры, профессор А.И. Белов пен бүгінгі мерейтой иесі К.Ә. Сағадиевтің өлшеусіз еңбек етіп, тер төккені көпшілікке мәлім.

К.Ә. Сағадиевтің АХШИ-де жетекшілік қызметтерде бойына сіңірген тәжірибесі мен ұйымдастырушылық таланты оның Целиноград ауылшаруашылығы институтының (қазіргі С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті) ректоры қызметіне тағайындалуына (1982 ж.) негіз болды, ол осы қызметті сегіз жыл мінсіз атқарып (1990 жылға дейін), институт ұжымының есінде өшпес із қалдырды.

Республика орталығында орналасқан Целиноград ауылшаруашылық институты тың өлке-сіне кадрлар даярлау шеберханасы болатын. Ол кезде тың көтерілген үлкен аймақта егіншілік кең өріс алып, жаңа техника мен технологиялар, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивті әдістері игеріліп жатқан. Осындай ауқымды тың стратегиясын жүзеге асыруға байланысты ауылшаруашылық институтының ұжымы үлкен өзгерістерге түсуі қажет болды. Ол жаңа және тиянақты білімге сүйенген жастарды тәрбиелеуге қабілетті жоғары кәсіби ұжымға айналуға тиіс еді. Сондай-ақ жедел түрде институттың айтарлықтай әлсіз материалдық-техникалық базасын күшейту, оқу жүйесінің неғұрлым тиімді әдістерін енгізу, оқытушылар қатарын болашағы зор ғалымдармен және мамандармен толықтыру, олардың күш-жігерін, назарын ауыл шаруашылығы өндірісінің келелі мәселелерін зерттеуге бағыттау да қажет болды.

Жаңа тағайындалған ректор осы күрделі мәселелерді шешу барысында өзін білгір басшы, ғалым, педагог және қамқор ұжым жетекшісі дәрежесінде көрсете алды. Ол институттағы жағдайды тез зерттеп, оның оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыратын тиімді әдістерін таба алды, жастарды қолдап, оларға сенім артты, ұжымның ғылыми мекемелермен және өндіріс орындарымен байланысын тереңдете түсті.

Институтта енгізілген оқытудың модульдік жүйесі оны алдыңғы қатарлы шетелдік үлгілерге жақындатты. Жүздеген, тіпті мыңдаған студенттер тікелей егістіктер мен фермаларда жаңа технологиялар мен техниканы игерді.

К.А. Сағадиевтің бастамасымен Кеңес Одағындағы алты биотехнологиялық орталықтың бірі осы Целиноград ауылшаруашылық институтында құрылды.

Ол бұл орталықтың жұмысына тікелей басшылық етті, кадрларды іріктеді, олардың еліміздің және шет елдердің жетекші ғылыми орталықтарында оқып, білімдерін көтеруін қамтамасыз етті, зерттеу тақырыптарын белгіледі.

Кеінірек бұл орталықтың бүкіл Қазақстанға аты шықты. Ол көптеген жаңа да тиімді биопрепараттар мен дәнді дақылдардың бірнеше жоғары өнімді сорттарын жасап шығарды, солардың біріне мерейтой иесінің аты берілген.

Өкінішке орай реформа мен экономикалық тоқырау жылдарында бұл орталық өзінің ғылыми-техникалық әлеуетінің едәуір бөлігін жоғалтып, ғылыми-зерттеу бағдарламаларын іске асыруды тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен, осы қадамның уақыттан 30 жылға озық жасалған бастама болғанын соңғы 2-3 жылда ғана елімізде биотехнологияның әлемдік ғылымның жаңа бағыты ретінде қолға алына бастағанынан көріп отырмыз.

К.Ә. Сағадиев Целиноград ауылшаруашылық институтында ректорлық қызмет атқарған уақыт ішінде оқу орнының материалдық-техникалық базасы екі есеге артты. Ол осы институтта көлемі жағынан өзі келгенге дейінгі жиырма бес жылда атқарылған жұмысқа тең бағдарламаларды іске асырды. Бірнеше әсем оқу ғимараттары мен жатақханалар, мал-дәрігерлік клиника мен тұрғын үйлер салынды. Институттың әлеуметтік жағдайы едәуір өзгерістерге түсіп, жақсарып, жаңарды. Нәтижесінде, ректордың беделі өсіп, абыройы асты. Ол сол кездері жабық дауыс беру мен баламалы түрде өткізілген сайлаулардың барлығында бір ауыздан ұжымның сеніміне ие болып отырды.

Целиноград ауылшаруашылық институты Кеңес Одағының аграрлық жоғары оқу орындарының арасынан көрнекті орын алды. 1988 жылы ол КОКП ОК, КСРО Министрлер Кеңесінің, КОБОК-тің және БЛКЖО ОК-ның ауыспалы Қызыл туымен марапатталды.

К.Ә. Сағадиев қажырлы ісі мен жемісті еңбегі, биік парасаты мен эрудициясы, белсенді қоғамдық қызметінің арқасында бүкіл Ақмола өңірінің көрнекті де айтулы азаматына айналды. Облыс еңбеккерлері әрқашан оны жергілікті

партия-кеңес басқару органдарына мүшелікке сайлап, қолдау көрсетті.

К.Ә. Сағадиевтің зерттеушілік қабілеті Мәскеу ғылыми орталықтарында сыналып, шынықты. Оның алғашқы ғылыми жұмыстары материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырудың келелі мәселелеріне байланысты болды. Ол осы бағытта өнімді ізденістер жасап, өндіріс құралдарының айналу заңдылықтарын ашатын, өндірістік инфрақұрылым салаларының экономиканың даму қарқыны мен өзара байланысына әсерін анықтайтын іргелі еңбектер жазып шығарды. Мысалы, «Материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері» монографиясында (Алматы, «Қазақстан», 1976 ж.-10,1 б.т.) ол КСРО-да бірінші болып осы саланың тиімділігін анықтайтын өлшемдерді таңдау әдісін негіздеп, пайдалануға ұсынды. Оның осы еңбегінде жазып көрсеткен теориялық ұстанымдары, әдістемелік және тәжірибелік ұсыныстары КСРО Министрлер Кеңесі Материалдық-техникалық жабдықтау комитетінің, көптеген ғалымдар мен мамандардың мақұлдауы мен қолдауына ие болды.

Ал «Қазақстанда материалдық-техникалық жабдықтауды басқару» (Алматы, «Қайнар», 1975 ж. - 6,0 б.т.), «Материалдық-техникалық жабдықтау және өндіріс тиімділігі» (Алматы, «Қазақстан», 1978 ж. - II, 4 б.т.), «Қазақстанның материалдық-техникалық жабдықтау және сату қоры» (Алматы, «Қазақстан», 1982 ж. -12,5 б.т.) және осы секілді өзі жеке немесе басқа ғалымдармен бірігіп жазған монографияларында К.Ә. Сағадиев республикада материалдық-техникалық жабдықтауды аумақтық ұйымдастыруды және өндіріс құралдарын көтерме сауда арқылы таратуды жетілдірудің ғылыми негізін қалап, практикалық ұсыныстар жасады. Оның осы кітаптарға кіргізген талдаулары, қорытындылары мен ұсыныстары халық шаруашылығының әр түрлі салаларында басқару, жоспарлау және шаруашылық жүргізу механизмдерін жетілдіру мақсатында кеңінен пайдаланылды.

К.Ә. Сағадиев осы ізденістерінің негізінде «Материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері (теориясы, әдіснамасы және жақсарту жолдары)» тақырыбына докторлық диссертация жазып, оны 1977 жылы табысты қорғап шықты. Ол 39 жасында экономика ғылымдарының докторы, ал

40 жасында профессор атанды, бұл сол жылдары бүкіл Одақ көлемінде экономист-ғалымдардың арасында сирек кездесетін өзгеше оқиға саналды.

К.Ә. Сағадиевтің ірі экономист-ғалым ретіндегі ғылыми шығармашылығы алғашында материалдық-техникалық жабдықтау мәселелерін зерттеуден көрініп, ол оның талдамалары арқасында экономика ғылымының жаңа бағытына айналды. Кенжеғали Әбенұлы осы бағыттың көшбасшысы болды. Ол бірнеше рет Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Тбилиси және басқа қалаларда баяндама жасап, әрдайым көптеген ғалымдар мен мамандардың назарын өзіне аударды.

Кенжеғали Әбенұлы осы мамандық бойынша жоғары білімді кадрлар тәрбиелеудің, аспирантура мен кафедра ашудың басы-қасында болды, бұрын Қазақстан жағдайында ғана емес, Одақта да дами қоймаған материалдық-техникалық жабдықтаудың теориясы мен әдіснамасын жасады, өзінің ғылыми мектебін ашты.

Кейінірек, К.Ә. Сағадиевтің ғылыми зерттеу аясы жаңа бағыттағы ізденістермен толықты. Оған айтарлықтай дәрежеде Кенжеғали Әбенұлының білімі мен тәжірибесі, атқарған қызметі, бойына біткен дарыны мен болжағыштық қасиеті жәрдемдесті. Мысалы, ол экономикалық ойдың даму үрдістерін тани білді, басқару мен реттеудің өндіріс пен тұтыну жүйесінің арақатынасын сәйкестендіріп отырудағы маңызын жете түсінді. Оның сыртында өзі көп жыл зерттеген саланың осы жүйенің дұрыс жұмыс істеуіндегі рөліне көз жеткізіп, қазіргі кезде елімізде әлеуметтік бағытта дамып келе жатқан нарықтық экономикаға жеткізетін көпір екенін анық сезді.

Осыған байланысты К.Ә. Сағадиевтің көп зерттеулері жалпы экономикалық сипат алып («Қоғамдық өндірістің тиімділігін өлшеудің кейбір теориялық және әдіснамалық мәселелері» және басқалар), бірқатар жаңа салаларды қамтыды. Мысалы, ол агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық механизмдерін жетілдіруге байланысты проблемаларды қарастырған ерекше жұмыс жазды. «Агроөнеркәсіп туралы жүз сұраққа жүз жауап» (Алматы: Кайнар, 1988 ж. - 18 б.т.), осы кезеңде жарық көрген басқа ғалымдармен бірігіп жазған бірқатар еңбектерінде аграрлық салада жаңа экономикалық әдістерге көшудің өзекті мәселелері, басқаруды жетілдіре түсудің, Қазақстанда агроөнеркәсіптің интеграциясын

тереңдете түсудің мән-жайын жан-жақты зерттеді.

К.Ә. Сағадиевтің қызметінде ғылыми-ұйымдастыру жұмысы да ерекше орын алады. Целиноградта жүрген кезінде ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Комитетінің мүшесі, агроөнеркәсіп кешенінің ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етудің Целиноградтағы орталығының төраға орынбасары болды, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Қаулысымен бекітілген Қазақ КСР Ғылым академиясы Экономика институты жанындағы республика бойынша шаруашылық есепке көшудің негізгі қағидаларын жасау үшін ұйымдастырылған уақытша жұмыс тобының құрамына кірді, «Қазақстан ауылшаруашылық ғылымдарының хабаршысы» журналы редакциялық кеңесінің мүшесі болды, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі жоғары оқу орындары ректорлар кеңесінің төрағасы және Қазақ КСР-і Ғылым академиясының Орталық Қазақстандағы бөлімшесінің ғылыми секциясының жетекшісі қызметтерін атқарды.

К.Ә. Сағадиевтің ауқымды қызметін республиканың ғылыми қауымдастығы лайықты бағалады. Ол 1989 жылы ҚазКСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі болып сайланды, ал 1990 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Президиумының Бас ғылыми хатшысы қызметіне шақырылды.

Екі жыл бойы К.Ә. Сағадиев академиялық ғылымды ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеп, іске асыруға ұмтылды. Ол Ғылым академиясының басқа жетекшілерімен бірлесе отырып, Қазақстан ғылымы мен ғылыми-техникалық саясатын дамытудың тұжырымдамасын жасауға белсене қатынасты. Оның жетекшілігімен ҒА Президиумы жанында құрылған жұмыс тобы «Қазақ КСР ғылымы мен ғылыми-техникалық саясаты» атты ҚР Заңының жобасын жасап шықты, ҚР ҒА Президиумының Шымкентте, Өскеменде және Ақтауда өткізілетін көшпелі отырыстарын дайындады. Сонымен қатар ол ҚР ҒА-ның Оңтүстік, Батыс және Шығыс бөлімшелерін, ҒА-ның басқа да ғылыми орталықтарын ұйымдастырушылардың бірі болды.

1992-1994 жылдары К.Ә.Сағадиев Қазақ мемлекеттік экономикалық университетін басқарды. Бұл кезең республика өмірінде болып

жатқан түбегейлі өзгерістермен сипатталатын. Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға бетбұрыс жасалып, жана экономикалық жүйеге көшу – экономикалық кадрларды бұрынғыша даярлаудан бас тартып, оған түпкілікті өзгерістер енгізу күн тәртібіне қатал талап ретінде қойылды.

1992 жылы желтоқсан айында осы университетке Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев келіп, кездесу өткізді. Қала жоғары оқу орындарының өкілдері мен зиялы қауымы жиналған бұл мәжіліс ҚазМЭУ тарихындағы үлкен оқиға және оның нарық экономикасына көшумен Қазақстанның даму стратегиясындағы рөлін арттырудағы маңызды факторы болды.

К.Ә. Сағадиев өзіне жүктелген қызметке оның күрделілігіне карамай, қызу кірісті. Ұжым мүшелеріне университетті басқарудың жана үлгісін ұсынып, қолдау тапты. Республика Президентінің Жарлығымен 1993 жылы 23 ақпанда ҚазМЭУ Қазақ мемлекеттік Басқару академиясына (ҚазМБА) айналып, барлық ұстаздар мен қызметкерлердің жалақысы екі есеге көбейтілді. Оқу жүйесі де басқаша ұйымдастырыла бастады. Бұрынғы факультеттер жаңа оқу ғылыми кешені болып өзгертілді, менеджмент, маркетинг, макроэкономика, микроэкономика, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері, агробизнес және тағы басқа кафедралар ашылды.

Мамандықтар тізімдемесі өзгертілді, жаңа оқу жоспары жасалды, оқытушы-профессорлар құрамын қайта даярлаудың және жаңалықтарға үйретудің тиімді жолдары қарастырылды. Ғылыми жұмыстар Қаржы-банк менеджменті институтын, Экономикалық зерттеулер мен экономикалық социология орталығын және Нарық институтын ашу арқылы едәуір күшейтілді.

Осы өзгерістерді жасау мақсатында К.Ә. Сағадиев АҚШ-тың, Жапонияның, басқа да Еуропа елдерінің, ТМД жоғары оқу орындарының білім беру жүйелерін түбегейлі зерттеп, қажеттілерін ретімен пайдалана білді, нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерден шетелдік мамандарды шақырып, оларды жас оқытушыларды жаңаша даярлауға жұмылдырды, қажетті оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер жазылуына жағдай жасады. Қысқа уақыт аралығында (3,5 жыл) ҚазМБА шетелдік байланыс пен көмектің арқасында экономикалық білім беру жүйесін түпкілікті өзгертуге бағытталған бағасы 6,5 млн. АҚШ доллары тұратын үш үлкен жобаны іске асыра бастады.

Осы бағыттағы К.А. Сағадиевтің орасан іс-әрекеті үлкен нәтиже берді – ҚазМБА-ның қызметі жана сапалық деңгейге көтеріліп, ол Қазақстанның беделді жоғары оқу орындарының біріне айналды, оның кадрлар даярлау жүйесі мен әдістемелері республиканың экономика мамандығы бар барлық жоғары оқу орындарына тарады.

Академия беделіне сәйкес ректордың да абыройы асқақтады. Оның реформаторлық қабілеті мен табысты ғылыми ізденістерін көпшілік мойындады.

К.А. Сағадиев осы кезде республикалық баспасөзде экономикалық кадрлар даярлау жағдайы, республика ғылымын ұйымдастыру, нарыққа көшу барысын жақсарта түсу жолдары жөнінде жиі мақалалар жариялап тұрды («Ғылым жайы толғандырады», («Зерде», №11, 1992 жыл;) «Нарықтық кадрлар көп нәрсені шешеді», («Қазақстанская правда» 1992, 12 желтоқсан;) «Нарық халыққа бет бұрсын», («Егемен Қазақстан», 1993, 16 маусым;) «Реформа баспалдақтары бойынша - «Қазақстан ғажабына», («Советы Казахстана» 1993, 5 ақпан;) «Қазақстан мақсатты деңгейге жетуді созып жіберді» («Экспресс», 1993, 3 ақпан;) «Қазақстан экономикасының нарықтық өзгерістерін жасау стратегиясы туралы», («Сұхбат», 1993, №2 және басқалары).

Ол осы жылдарда реформа проблемалары туралы бірнеше рет республика басшылығына да хат жолдады. Мысалы, К.Ә. Сағадиев ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атына 1992 ж. 2 маусымында Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік құру, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен премьер-министрі С.А. Терещенконың атына 1993 ж. 10 қарашасында ұлттық валюта енгізудің кезек күттірмес шаралары, 1993 ж. 17 қарашасында ұлттық валютаны тұрақтандыру, 1993 ж. 6 желтоқсанында Қазақстандағы экономикалық реформалардың түбегейлі стратегиялық және тактикалық мәселелері жөнінде ұсыныстар жіберді. Осының алдында (1993 ж. 19 қаңтарда) ол ҚР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.А. Әбділдин мен Экономикалық реформалар комитетінің төрағасы С.Т. Тәкежановқа да Қазақстанның қаржы-қаражат саясаты туралы хат жолдаған болатын.

К.А. Сағадиев жоғары оқу орындарының тәжірибелі жетекшілерінің бірі, әрі ірі ғалым ретінде республиканың қоғамдық-саяси өмірінің

біраз бағытына белсенді түрде араласты. ҚР Президентінің Қаулысымен ҚР Президентінің жанында ұйымдастырылған Консультативтік кеңестің мүшесі және осы деңгейде құрылған мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің ҚР азаматтарының өзгерістерге сай әлеуметтік-экономикалық жана әдеп-қылықтарын қалыптастырудың қағидаларын жасап шығаратын жұмыс тобының жетекшісі болып бекітілді.

Кенжеғали Әбенұлы мемлекетімізді әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыта түсуге байланысты өзінің жаңа идеялары мен ғылыми ұсыныстарын «Әлемдік бизнес - 91» Конгресінде (Мәскеу, 1991 ж., 19-21 қараша), Қазақстанның әлемдік нарыққа кіруінің болашағына арналған халықаралық семинарда (Данди, Шотландия, Ұлыбритания, 1992 ж., 17 наурыз) баяндап берді. Оларды «Қазіргі Қазақстан әлем қауымдастығы қатарында» атты халықаралық симпозиумда жасаған «Қазақстанды әлемдік шаруашылықтың байланыс жүйесіне кірістіру» деген баяндамасында (Алматы, 1992 ж., 23-24 сәуір) және 1993 ж. 11 мамырында өткен Қазақстанның жетекші басшыларының республикалық мәжілісінде де егжей-тегжейлі айтып берді.

К.Ә. Сағадиевтің ауқымды ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі оны республика деңгейіне көтерді. ҚР ғылыми интеллигенциясының алдыңғы қатардағы тобы оны еліміздің ғылымын басқаруға лайық тұлға ретінде таңдады. 1994 жылы 2 ақпанда К.Ә. Сағадиев ҚР Ұлттық ғылым академиясының жалпы жиналысында оның толық мүшелерінің (академиктерінің) көпшілік дауысымен ҚР ҰҒА президенті болып сайланды.

Бұл шешім академиялық ғылым үшін ерекше және әзірше қайталана қоймаған бірінші құбылыс болды. Өйткені ҚР ҰҒА президенті қызметіне ол осы академияның мүше-корреспонденті ғана бола тұрып, әрі баламалы негізде сайланды. Көп кешікпей оны ҚР ҰҒА-ның жалпы жиналысы толық мүше (академик) етіп сайлады (1994 ж., 14 ақпан).

Академик К.А. Сағадиевтің аса зор ұйымдастырушылық қабілеті осы қызметі кезінде толық ашылды. Ол академияның ғылыми құрылымы мен қызметкерлерін бұрыннан жақсы білетін. Оған осы үлкен ғылыми мекеменің ұйымдастыру мен басқаруға байланысты проблемалары да белгілі болатын. Бұрынғы Одақ кезінде ғылымды шамадан тыс орталықтандыруға байланысты

саясат республиканың ғылыми ерекшеліктеріне мән бермегенін де, ғылыми-техникалық әлеуеттің дені жергілікті басқарудан тысқары болғанын да, ғылыми тақырыптар мен зерттеу мекемелерінің бағыты Қазақстанның түпкілікті мүдделеріне сәйкес келе бермейтінін де, олардың республика экономикасын әлем ғылыми-техникалық жетістіктерімен сабақтастыра алмайтынын да ешкімнен кем түсінген жоқ.

Осындай жағдайда академик К.Ә. Сағадиев өз қызметінде негізгі мақсат етіп Қазақстанның ғылыми-техникалық егемендігі мәселесін қойып, осы мақсатқа қол жеткізу бағытындағы Ұлттық ғылым академиясының міндеттерін белгіледі. Нарыққа өту кезеңінде байқалған ел шаруашылығын индустриясыздандыру, технологиялық құрылымының құлдырауы, елімізді тұйыққа тірейтін шикізат экспорты, оны тұтыну тауарлары мен сол шикізат өндірісінде қолданатын құрал-жабдыққа айырбастау, біздің аумағымызға тиімділігі аз және экологиялық лас технологияларды әкелу сияқты өзекті проблемаларға баса назар аударатын отырып, К.Ә. Сағадиев мемлекетіміздің тұрақты экономикалық дамуының басты негізі жаңа білім мен техникалық прогресс болуы тиіс деген идеяны дәйекті түрде ұстанды.

Өз пайымдауларында ол іргелі ғылым – қоғамның, жалпы халық мәдениетінің бір бөлігі, ұлт өркениеттілігінің сенімді көрсеткіші, қоғам құрылымындағы, әлеуметтік прогрестегі, сондай-ақ техника, технология және өндірісті ұйымдастырудағы барлық ілгерілеу үрдістерін сезетін халықтың көзі мен құлағы, ал оның деңгейі – ұлттың әлемдік қоғамдастыққа кірігу қабілеті, өркениетті халықтар қауымдастығына қосылу мүмкіндігі, ел ішінде дүние, табиғат пен болашаққа прогресшіл көзқарастардың қалыптасуының алғышарттары және сондай-ақ бұл үздік қолданбалы ғылыми-техникалық нәтижелер алудың негізі деген түбегейлі қағидаға сүйенді.

Осы тұрғыдан ғылымның жай-күйі мәселесін қарастыра келе, Кенжеғали Әбенұлы еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетінің өзегі және басты буыны ретінде академиялық ғылымның дербес рөлін сақтау қажет деген түйінді шешімге келді. Сонымен қатар ол заман талабын жақсы түсінісе отырып, ҚР ҰҒА-ның ғылыми құрылымдарын түбегейлі қайта құру шараларын жүзеге асырды

ҚР Президентінің 1994 жылдың 9 ақпанындағы № 1556 «ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы» Жарлығына және ғылымды реформалау жөніндегі басқа да құжаттарға сәйкес академия құрылымдары мен академия мүшелерінің қызметін реттейтін ҚР ҰҒА-ның жаңа нормативті материалдары дайындалып қабылданды, іргелі және іргелі-қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары белгіленді. Ғылыми құрылымдардың қызметі, мамандар әлеуеті және материалдық-техникалық база тексеріліп, аттестацияланды. Іргелі зерттеулердің технологиялық бағдары және ҒЗИ ғылыми зерттеулерін іс жүзінде практикада қолдану бағыттары күшейтілді.

Күрделі ғылыми-техникалық мәселелерді мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен ҚР ҰҒА Президиумының бірлескен және кеңейтілген мәжілістерінде қарастыру тәжірибесі енгізілді “Дәрі-дәрмектерді іздестіру, жасау және денсаулық сақтау практикасына енгізу мәселелері,” 1994 ж. 18 наурызы; “Жартылай өткізгіш материалдар мен аспаптар өндірісін ұйымдастыру жөнінде,” 1994 ж. 30 маусымы; “Биоәртүрлілікті тұрақты сақтау және ұғымды пайдаланудың ұлттық бағдарламасы туралы,” 1995 ж. 29 қарашасы; ҚР радиоэлектроника және байланыстар Ғылыми орталығында зерттеулер ұйымдастырудың жай-күйі мен оларды дамытудың келешегі туралы, 1996 ж. 31 қаңтары; “Еуразия мен Жерорта теңізі халықтарының өркениеті мен қыпшақтану мәселелері туралы,” 1996 ж. 13 ақпаны; “Семей полигонындағы ядролық сынақ салдарын ғылыми зерттеудің нәтижелері,” 1996 ж. 14 ақпаны және т.б.).

Академия мен ғылыми бөлімшелердің жалпы жиналыстарында өздерінің қызметтері туралы жылдық есептерімен қатар ҚР ҰҒА-ның басшылары мен жетекші мүшелерінің өзекті мәселеге қатысты баяндамалары («Қазақстанның ғылыми-техникалық егемендігі және ҚР ҰҒА-ның міндеттері», баянд. Сағадиев, 1995, 19 сәуір; «ҚР-дағы өсімдіктердің тектік қорын сақтау, тиімді пайдалану және көбейту жөнінде»; «Ғарыш мониторингі мен ғарыштық технологиялардың ғылыми негіздері» бағдарламасы туралы; “Пайдалы қазбаларды байыту саласында технологияларды дайындау және ғылыми зерттеулер жүргізу туралы,” “Жер сілкіністерін болжау мәселелері: ғылыми негіздері, болжау

кезендері мен әдістері, Қазақстандағы сейсмологиялық зерттеулердің жай-күйі;” Каспий теңізінің мәселелерін шешу бойынша келешектегі зерттеулердің жай-күйі мен міндеттері және т.б.) тыңдалатын болды.

К.Ә. Сағадиевтің жетекшілік етуімен ғылыми кадрлардың басқа салаларға кетуін қысқартуға, диссертациялар қорғауды ынталандыруға, ҚР ҰҒА, ҒЗИ және ғылыми қызметкерлердің мәртебесі туралы заңдар мен қаулы жобаларын дайындауға, ғылыми қызметкерлердің зияткерлік меншігі мен әлеуметтік қорғауға байланысты салмақты шаралар қабылданды. К.Ә. Сағадиев ҚР ҰҒА жүйесіндегі қызметкерлердің жалақысын екі есе көбейтуге қол жеткізді. Ол кісінің өтініші етуі бойынша ҚР Үкіметі көрнекті ғалымдар мен ғылым жолындағы талантты жастарға мемлекеттік сыйақы тағайындау туралы шешім қабылдады.

Еліміздегі өткір экономикалық мәселелердің шешімін табуда ғылыми қызметкерлерді жұмылдыру мақсатында республикалық ашық конкурс жарияланып, жеңімпаздарды мадақтауға ақшалай сыйлық тағайындалды. Ғалымдарды өз еңбегінің нәтижесін шығаруға қызықтыру үшін келісім шарт жағдайында жұмыс істеу кең түрде қолға алынды.

Дегенмен, республикамыздың әлеуметтік-экономикалық өміріндегі дағдарыстар іргелі ғылымның жай-күйіне мықтап әсерін тигізді. Сол себепті К.Ә. Сағадиевтің ҚР ҰҒА президенті қызметіндегі 2 жыл ішінде ғылыми-техникалық қызметкерлерге үш рет қысқарту жүргізуге тура келді, осыған байланысты зерттеу ауқымы азайып, кәсіпорындарда ғылыми нәтижелерге сұраныс айтарлықтай төмендеді. К.Ә. Сағадиев ғылыми құрылымдар мен ізденістерді қаржыландырудың көп төмендегеніне қарамастан осындай күрделі мәселелерді тиімді жолдармен тауып шеше білді. Мысалы, барлық қысқартулар ашық әрі жариялы түрде өткізіліп, алдымен институттардың соңғы 5-10 және 15 жыл аралығындағы ғылыми тақырыптары ұқыпты зерттелді.

Қысқасы, ҚР ҰҒА президенті Академияның ғылыми кадрлары мен материалдық - техникалық базасының негізін ыдыраудан сақтап қалды. Сонымен қатар, оның жеке қолдауымен ҚР ҰҒА-нда медицина ғылымдарының бөлімі ашылып, оның құрамында техникалық ғылымдар бөлімін ұйымдастыруға байланысты дайындық жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, К.Ә. Сағадиев ғылымды дамытудың үздік бағыттары бойынша жаңа төрт ҒЗИ ұйымдастырды (Алматы қ. Жалпы генетика және цитология институты мен Әлеуметтану және саясаттану институты, Қарағанды қ. Фитохимия институты және Шымкент қ. Аймақтық экономика институты). Олардың бірі (Қарағанды қ. Фитохимия институты) бүгінгі күні шет елдерде сұранысқа ие нәтижелі дәрілік препараттар жасап халықаралық аренаға шығып отыр.

ҚР ҰҒА-ның директорлық құрамы айтарлықтай жасарып, жаңаланды. Президент ҒЗИ-дың бюджетке иек артушылық қалпын өзгертіп, олардың басшыларын шет елдермен қарым-қатынас жасауға, әр түрлі ғылыми қорлардың конкурстарына қатысуға, коммерциялық істерге белсене араласуға бағыттады.

К.Ә. Сағадиевтің ҚР ҰҒА-ның президенті қызметі кезінде ҚР Елбасы Н.Ә.Назарбаев ҚР ҰҒА-ның толық мүшесі (академигі) ретінде бірауыздан ұсынылып сайланды. Алғаш рет ҚР ҰҒА-ның шын мәніндегі шетелдік мүшелері (академигі) болып РФА президенті Ю.С.Осипов, Украина ҰҒА президенті Б.Е. Патон және физиктер әлемінде белгілі пәкістандық ғылым, доктор Абдул Кадыр Хан сайланды.

ҚР ҰҒА-ның отандық ғалымдар қатары білімнің жаңа салаларының өкілдері мен жоғары оқу орындарының, аймақтық ғылыми мекемелер мен жаңа буын ғалымдардың есебінен айтарлықтай толықтырылды.

1994-1996 жж. ҚР ҰҒА және оның Президиумы жалпы республикалық шараларды ұйымдастыру орталығы болды. Осы жылдары ҚР ҰҒА-сының Орта Азияның ұлы ғалым-энциклопедисті және мемлекет қайраткері Мұхамед Тарағай Ұлықбектің 600 жылдығына, қырғыз эпосы «Манастың» 1000 жылдығына, қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына орай өткізген сессиялары мен конференциялары сол уақыттың ірі оқиғалары болып саналады.

Мысалы, ҚР ҰҒА-ның Абайға арналған сессиясына 50-ден астам ғалым, әлемнің 22 елінен қоғам қайраткерлері, ЮНЕСКО және басқа халықаралық ұйымдардан, шетел елшіліктерінен қонақтар келді. Академик К.Ә. Сағадиев Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен дәуірі туралы Ақмола қаласында өткен ақынның мерейтойында, Алматы қаласында өткен «Еуразия кеңістігі: интеграциялық әлеует және оны жүзеге асыру»

атты ғылыми-практикалық конференцияда және академик Е.А. Букетовтің өмірі мен қызметі туралы Қарағанды қаласында өткен ғалымның 70 жылдық мерейтойында баяндамалар жасады.

К.Ә. Сағадиев делегацияның мүшесі немесе жетекшісі ретінде, кейде ғылыми ұйымдардың шақыруымен шетелдерге жиі шығып, ғылыми баяндамалар жасады. Оған Италияның Эрис қаласындағы халықаралық семинарда «Соғысқа тең салқындықтан кейінгі Қазақстан ғылымы», Париж қ. ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі халықаралық ғылыми коллоквиумда және Тегеран қ. Абайдың 150 ж. арналған салтанатты жиылыста «Абай және қазіргі дәуір» және Эшборн қ. (АФР) шетелдермен техникалық қарым-қатынас бойынша Алман қоғамында «Қазақстандағы ауылшаруашылық кәсіпорындарының жағдайы», «Аграрлық саясат, әлеуметтік мәселелер, әкімшілік ұйымдар және мекемелер», «Қазақстандағы жер реформасы туралы» баяндамалары дәлел.

Сонымен қатар ол Исламабад қ. (Пәкістан) жоғары білім беру саласында қарым-қатынас және ғылыми-технологиялық зерттеулер бойынша аймақтық кездесулерге қатысты. Сондай-ақ ғылыми-білім беру байланыстарын құру және дәріс оқу үшін АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея, Пәкістан, Иран, Израиль, Қытай және басқа шетелдерге шықты.

Ақпаратпен алмасуды жақсарту және ғалымдарымыздың ғылыми зерттеулерін халықаралық аренаға шығару мақсатында оның жетекшілігімен «ҚР Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары» атты журналын ағылшын тілінде басып шығару қолға алынды. К.Ә. Сағадиев осы журналдың бас редакторы болып және ҚР білім беру, техника және ғылым саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар комитетінің төрағасы қызметіне бекітілді.

Бірақ, К.Ә. Сағадиевке біраз ойларын жүзеге асырудың сәті түспеді. Оның іске асыра алмаған бағдарламаларының ішінде қазақ халқының рухани және тарихи мұралары мен оның түп-тамырын зерттеу, «Көрнекті адамдар өмірі» сериясы бойынша белгілі жазушы, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы ғылыми-публицистикалық галерея құру жоспары болатын. Сонымен қатар ол ҚР ҰҒА ҒЗИ-інің халықаралық тығыз қарым-қатынас жасау және зерттеу жобаларын бірлесе орындау туралы ойын табысты жүзеге асыра бастап еді. Академиядағы ғылыми ұйымдармен қолданбалы тақырыптардың

біразын бюджеттен тыс қаржыландыру мен зауыттық жағдайға көшіру ойы да іске аса алды. Біртіндеп әр түрлі шетелдік қорлармен байланыс күшейіп, гранттар мен келісімшарттар арқылы қаржыланатын ғылыми жұмыстардың саны көбейе түскен.

Басталған жұмыстарды дамытуға, әрі жаңа бағытта жұмыс істеуге тек қаржы тапшылығы ғана емес, сонымен қатар субъективті себептер де кері әсерін тигізді, оның ішінде жоғарғы қызметтегі шенеуніктердің қарсы әрекеті де болды. Олардың кейбірі ҚР ҰҒА-сын көпшілікке «кеңестік анахронизм», «конституциядан тыс, әрі заңсыз мекеме» ретінде көрсетуге тырысты. ҚРҰҒА-сы айтыс-тартыстың нысанына айналды. Оны түкке тұрғысыз мекеме ретінде көрсетіп, тарату туралы да ұсыныстар айтылды.

К.Ә. Сағадиев ҚР ҰҒА президенті ретінде де, ғалым ретінде де, еліміздің азаматы ретінде де осының бәріне бейқам қарай алмады. Ол кісі тек академиялық ғылымның ерекшелігі мен мән-маңызы жөнінде ғана емес, сонымен қатар еліміздің мәдени, әлеуметтік-экономикалық өміріндегі өткір мәселелер туралы да пікірін республикалық ғылыми және мерзімдік баспасөз бетінде баяндап отырды («Нас спасет только средний класс», «Казахстанская правда», 1994, 30 қыркүйек; «Ғылымсыз ғұмыртұл», «Қазақ үні», 1995, наурыз; «Академия наук на перепутье», «Казахстанская правда» 1996, 24 қаңтар; «Экономические реформы в Казахстане: некоторые подходы к концептуальному обоснованию», Вестник НАН РК, 1995, № 3; «Нельзя растаскивать единый работающий организм, нельзя разбазаривать великое народное достояние», «Казахстанская правда», 1996, 24-25 қаңтар; ж.б.).

Айтыс-тартыс ҚР Ғылым Академиясы - Ғылым Министрлігі құрылуымен аяқталып, академик К.Ә.Сағадиев бұрынғы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық және Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттардың негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің (1996ж.) ректоры болып тағайындалды.

Бұлар тарихы бай, дәстүрі қалыптасқан, бірақ бірігіп жаңа мәртебеге ие болған жоғары оқу орындары болғандықтан, ректорға көп жауапкершілік міндеттелді. Сондықтан, басқа да жоғары оқу орындарына, ҚР ҰҒА жетекшілік еткен тәжірибесіне қарамай, К.Ә.Сағадиев жаңа қызметіне байыппен кірісті. Жедел түрде оның материалдық базасы мен оқу әлеуетін зерттеп, істің жалпы жағдайын анықтап, уақытты

оздырмай жұмыс бағдарламасын дайындаған соң оқу кеңесінің келісімін алып, істі қызу бастап кетті.

Қысқа мерзім ішінде оның жетекшілігімен бұрынғы факультеттердің негізінде ірі оқу-ғылыми-өндіріс кешендері ұйымдастырылып, сапалы мамандарды даярлау жолға қойылды. Олардың әлемдік ақпарат кеңістігіне шығуын қамтамасыз ету мақсатында республикада алғаш рет компьютерлік және тіл үйрету орталықтары, сондай-ақ гуманитарлық білім беру орталығы құрылды, мамандықтар тізімі қайта қаралып, жаңартылды да, олардың жалпы санының үштен бірі қысқарып елімізде тапшы, жаңа бағыттағы биотехнология, ағротехнология, халықаралық аграрлық-экономикалық байланыс, аграрлық құқық, кедендік іс сияқты мамандық иелерін дайындау қолға алынды. Бір жыл ішінде К.Ә. Сағадиев маңызды оқу объектілерін күрделі жөндеуден өткізін, құлдырап кеткен материалдық базаны едәуір жөнге келтірді.

К.Ә.Сағадиев университеттегі қызметінің алғашқы күнінен бастап оқытушылардың біліктілігіне, студенттердің сапалы білім алуына қатаң талап қойды. Мамандарды оқыту және даярлауды тексерудің рейтинг-тестік жүйесін енгізіп, шет тілдері мен компьютерлік сауаттылық және оқытушылар үшін қазіргі аграрлық-экономикалық саясат бойынша жалпы оқытуды ұйымдастырды.

Университет ұжымы алдында ғылым және оқыту үрдісін үндестіру және зерттеу қорытындыларын жаңа, әлемдік деңгейге шығару мәселесі тұрды. Университеттің оқытушы-ғалымдарының оқу-ғылыми-өндіріс кешендерінде ғылыми қызметі оның еңбегін бағалаудағы негізгі белгі болып табылды.

Қазмеагроуниверситет әлемнің белді жоғары оқу орындарымен, шетелдік қорлар және басқа интеллектуалдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Университет оқыту, ғылыми және басқа да негізгі бағыттары бойынша түпкілікті өзгерістерге ұшырады.

К.Ә.Сағадиев осы жұмыстар туралы көпшілікке баспасөз беттерінен жүйелі түрде ақпарат беріп отырды («Білім болашақтың қайнар бұлағы», «Қазақстан мұғалімі», 1996, 25 желтоқсан; «Маман мықты болса нәтиже нақты», «Жас алаш», 1996, 12 қараша; «Ауылдың көсегесін көгертетін білікті мамандар», «Егемен Қазақстан», 1996, 21 маусым; «Будем создавать свой Казахстанский университет, исходя из

наших возможностей», «Казахстанская правда» 1996г., 14 мая және б.).

Қазмемагроуниверситет ұжымы өзінің басшысының жетекшілігімен жана, қазіргі заман талабына сай, жоғары ауылшаруашылық білім берудің философиясын жобалап, өз жұмысын «Қазақстандық қоғамның жаңару үрдісінің белсенді құрылысшыларын, өз елінің тарихы мен мәдениетін, оның рухани негізін құрметтейтін ҚР азаматын, жалпы әлемдік адамгершілік бағамдарын ұстанушы болашақ ауыл зиялысын тәрбиелеуге бетбұрыс жасады. Өйткені ол тек білім беру мекемесі ғана емес, мәдениет университеті» деген академик К.Ә. Сағадиевтің сөзіне сай білікті мамандарды даярлауға бағыттаған деп ауыз толтырып айтуға болады.

К.Ә. Сағадиев екі дәстүрлі жоғары оқу орнын қабылдап, оқу үрдісін түп-тамырымен заманға сай жаңартып, профессорлық-оқытушы кадрларының біліктілігін көтеріп, шетелдік серіктестермен тығыз қарым-қатынас орнатып, оқу орнын үлкен біртұтас құрылымға шебер айналдыра алды, осылай Қазмемагроуниверситетінің абыройы аспандап, 2001 ж. ҚР Президенті Жарлығымен ол Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындары қатарында ұлттық мәртебеге ие болды өндеу секторының дамуына, қор нарығына кері әсер етіп, инфляцияның өсуіне себебін тигізетіні туралы бірнеше рет ескерткен.

К.Ә.Сағадиев экономиканың белгілі бір секторына салық мөлшерін жеңілдетуді, әсіресе өндеу кәсіпорындарына көңіл бөлу туралы мәселе көтерген. 2005 жылы ҚР Президенті атына әлеуметтік және бірлескен табыс салығы мен ҚҚС бойынша жеңілдіктер жасау туралы кешенді ұсынысын жіберген. Сонымен қатар салық құрылымын жақсарту, оны жылжымайтын мүлік пен басқа мүлікке көбейту, ал, керісінше, енбек ақы қорына, яғни бірлескен кіріс салығына азайту жөнінде де өз ұсынысын айтқан. Бұл ұсыныстар еліміздегі әділетті салық салу жүйесін құруға бағытталған.

Парламент депутаты ретінде К.Ә. Сағадиев қор нарығын дамыту туралы, рейдерлікке қарсы тұру шаралары мен еліміздегі заңсыз көші-қон жағдайлары, шетелдік инвестицияларды тарту және басқа да келелі мәселелер бойынша ҚР Үкіметіне бірнеше рет сауал жіберген. Кенжеғали Әбенұлы бұрын шетелдік компанияларға берілген Қазақстанның мұнай және басқа да кен орындарын мемлекет меншігіне қайтарудың

белсенді жақтаушысы, ҚР «Кен орындарын пайдалану туралы» Заңына түзетулер енгізуді ұсынушылардың бірі, осыған сәйкес еліміз аумағындағы шетелдік компаниялар акцияларын сатқан жағдайда, республика оларды сатып алуға басым құқыққа ие болады.

К.Ә. Сағадиев Қазақстандағы экономикалық реформалардың белсенді қатысушы ретінде 15 жыл бойы ҚР Президентінің, ҚР Парламентінің Үкіметі мен ҚР министрліктерінің алдына және баспасөз беттеріне Қазақстанда әлеуметтік бағдарланған нарық экономикасын құрудың өткір мәселелері туралы ұсыныстарымен шығып жүрді. Оларға жолдаған хаттарында ақша реформасының тұжырымдамасы, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен өзінің реформа бағдарламалары бойынша ұсыныстары көрсетілген. Кейінірек ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік кеңесте еліміздің азаматтарының жаңа социо-экономикалық әдет-қалпын қалыптастыру тұжырымдамасының жобасын ұсынды.

Қазақстанда кластерлердің құрылуы мен кластерлік дамуға ықпал еткен оның ҚР Үкіметіне жазған хатында көптеген елдерде өзінің тиімділігімен басым түскен өнеркәсіпті ұйымдастырудың осы үлгісіне көшу қажеттігі көрсетілген.

Кенжеғали Әбенұлы елімізде алғашқылардың бірі болып Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің тиімділігі мен көлеңкелі жақтарына жүргізген сараптамасымен баспасөз беттерінде сөз алды. Ол өз мақалаларында Дүниежүзілік сауда ұйымы тәртібі бойынша сауда режимін ырықтандыру елімізге, әсіресе ауылдық тауар шығарушылар үшін қауіпті екенін ескертті. Сонымен қатар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты беделді халықаралық ұйымға енуін қолдап, республиканың ДСҰ-ға кіруінің үкіметтік дайындық шараларын талқылауға, басқа елдермен келіссөздер жүргізуге қатысты. 2006 жылы оның жетекшілігімен ҚР Парламенті Мәжілісінде осы мәселе бойынша парламенттік тындау өткізілді.

К.Ә. Сағадиевтің тағы да бір өз зерттеулеріп жүргізген маңызды мәселелерінің бірі - ол Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігімен байланысты. Еліміздегі алғашқылардың бірі болып осы мәселеге көңіл аударып, оның өсу факторларын, өнеркәсіптік, ғылыми-техникалық, экономикалық, тіпті бәсекеге

қабілеттіліктің әлеуметтік және адамгершілік жақтарып дәлелдеп, осы тақырыпқа отыздан астам зерттеу жұмыстарын арнады.

Қазақстан экономикасын жаңалаудағы өткір мәселелерді зерттеудегі К.Ә.Сағадиевтің жүйелі де ұзақ еңбегі оны үздік ғалым-реформаторлар қатарына шығарды. Оның билік орындарына жіберген хаттары мен солар бойынша ресми орындардың қабылдаған шешімдері - оның Қазақстандағы экономикалық реформаларды белсенді жүргізушілердің бірі екендігін көрсетеді. «Қазақстандағы реформалар: талдамалық көзқарас» атты оның төрт томдық еңбегі Қазақстандағы реформа үрдісінің жоғары мәнді хроникасы, олардың жетістігі мен кемшіліктерінің тура көрінісі. Автордың онда жазған келелі ұсыныстары мен кеңестері осы күні де, болашақта да өз мәнін жоғалтпайды.

Ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері К.Ә. Сағадиевтің көп жылдық жемісті еңбегін кеңестік - партия органдары, ҚазКСР және ҚР Үкіметі және барлық ғылыми, республикалық қоғамдық орындар жоғары бағалады. Ол Алматы қалалық кеңесіне (1971-1973 жж.), Калинин аудандық кеңесіне (1975-1979 жж.), Целиноград аудандық комитетіне (1984-1991 жж.), Целиноград қалалық комитетінің бюро мүшесі (1988-1990 жж.), ОК мүшесі (1990 ж.) және Қазақстан КП-ның XVII съезінің делегаты болып бірнеше рет сайланды. ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшелігіне, ҚР Парламенті Мәжілісінің 3-ші (2004-2007 жж.) және 4-ші (2007 ж. осы уақытта да) шақыруларының депутаттығына сайланды. ҚР ЖАК мүшесі, ғылым және техника салаларындағы Мемлекеттік сыйлықтарды беру жөніндегі Үкімет Комиссиясының мүшесі, әрі төрағасы, ғылыми журналдар мен мерзімдік баспасөздердің редколлегиясында еңбек етіп, докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау бойынша арнаулы диссертациялық Кеңестің төрағасы болып тағайындалды.

К.Ә. Сағадиев «За освоение целинных и залежных земель» (1957ж.), «За доблестный труд» (1970 ж.) медальдарымен және мерейтойлық «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.), «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» медальдарымен қоса, (2006 ж.), Еңбек Қызыл Ту (1971 ж.), Халықтар достығы (1987 ж.) және Парасат (2003 ж.) ордендерімен марапатталған, «ҚР ғылымы және техникасының еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атақтың иегері (1998 ж.).

2001 жылы К.Ә. Сағадиев Халықаралық бизнес университетінің президенті болды. Мұнда өзінің сүйікті ісі бизнеске мамандар даярлау мен экономикалық реформалардағы зерттеу жұмысына белсене қатысу мүмкіндігі туды.

Халықаралық бизнес университеті - еліміздегі дамып келе жатқан бизнеске мамандар даярлау үшін құрылған жекеменшік жоғары оқу орны. Оның классикалық университеттерден ерекшелігі - экономикалық тәжірибемен тығыз байланыс, нарық сұранысына жедел көңіл бөлу, экономика реформаларының құбылысына сай оқу жоспарларының икемділігі.

Университет қабырғасынан шетел тәжірибесімен жақсы таныс, өз ісін, өз кәсібін жүргізуге қабілетті, компания, фирма және басқа жеке жобаларды басқара алатын менеджер-мамандар шыға бастады.

Жақын арада осы елімізде белгілі университет өзінің 15 жылдығын атап өтті, оның түлектерін көптеген фирмалар мен компаниялар қуана жұмысқа алып жатыр. Университет мамандық иелерін шетелдік университеттермен қарым-қатынас жасай отырып оқытады, бакалавриат, магистратура және философия докторларының бағдарламаларын табысты іске асыруда (PhD).

К.Ә.Сағадиев «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі ретінде 2004 ж. және 2007 ж. партиялық тізім бойынша 3-ші және 4-ші шақырылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып 2 рет сайланды. ҚР Парламенті Мәжілісінің үшінші шақыруында Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

Осы кезең ішінде К.Ә. Сағадиев еліміздің бюджет жүйесін өркендету және оның тұрақтылығын дамыту мақсатында көп еңбек етті. Оның ұсынысы бойынша экономика салаларының бюджет жобалары бөлек қаралатын болды, бұл бюджет бағдарламалары әкімдіктерге бөлінетін қаржы-бюджет ресурстарын жете де дәл зерттеуге мүмкіндік береді. Осындай көрнекті тәжірибе 4-ші шақырылған Парламент Мәжілісінің жұмыс әдісіне де енді.

Кенжеғали Әбенұлының тағы бір ұсынысы - нәтижеге бағытталған бюджетті жоспарлау әдісіне көшуге байланысты болатын. Оған ҚР Үкіметі көңіл аударып, кәзір бюджеттік қаражаттың жоғары нәтижелілігін қамтамасыз ететін БОР жүйесіне көшуді ұйғарып отыр.

К.Ә. Сағадиевтің республикалық бюджет жобалары туралы қосымша баяндамалары ҚР Парламентінің жалпы мәжілістері алдында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызды мәселелерді талай көтерді. Мысалы, 2005 ж. ҚР Парламенті мінбесінен ресми деңгейде еліміздің экономикасында «голландтық сырқаттың» бар екенін және экономиканың қызып кетуіне қарсы нақты шаралардың қажеттілігін атап көрсетті.

К.Ә.Сағадиев Парламент алдында еліміздің экономикасында бәсекелестіктің мардымды дамымауы туралы, мәселе көтерді.

Академик К.Ә.Сағадиевтің жетекшілігімен 14 докторлық және 39 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Оның 240-тан астам жұмысы, оның ішінде 32 монографиясы, кітабы және кітапшалары жарық көрді.

Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебі тарихында бір адамның қатарынан республиканың 4 жоғары оқу орнын (Целиноград ауылшаруашылық институты, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті, Халықаралық бизнес университеті), ҚР Ұлттық ғылым академиясын басқаруы, сондай-ақ ҚР жоғары заң шығарушы органдарына 2 рет сайлануы сирек құбылыс. Мұның бәрі оның ғылыми-интеллектуалдық деңгейі мен жоғары біліктілігінің белгісі.

К.Ә. Сағадиев осындай кемелдікке тынбай еңбек етуі, жүйелі ізденіс пен сирек табиғи талантының арқасында жетті. Оның ұйымдастырушылық және жұмылдырушылық қабілеті өте күшті. Осы қабілеттері оның еңбек орындарында көп себін тигізді, әсіресе сол уақытта ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің де, ҚР ҰҒА-да да қол астында болған ҚР ҰҒА-дағы ұлттық ғылыми орталықтар қызметін басқарғанда, сонымен қатар екі институттың Қазмемагроуниверситет болып қайта құрылған кезеңінде айқын көрінді.

К.Ә. Сағадиев өзіне де, айналасына да талап қоя біледі, жауапсыздық пен бос жүрісті құптамайды. Өз ісіне жан-тәнімен беріліп, басқа қызметкерлерінен де соны талап етеді. Ол үшін ұсақ-түйек іс жоқ, кез келген жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарайды. Кенжеғали Әбенұлы өз жоспарларын шебер іске асырып, маңайындағылардан ақыл-кеңесін аямай, жан-

жағына шуақ шашып жүреді. Оның негізгі қасиеттері - қырағылық пен іскерлік.

Сонымен қатар Кенжеғали Әбенұлы достық пен сыйластықты жоғары бағалайды. Зиялы қауым мен ғалымдар арасында беделі жоғары, олардың көптеген өкілдерімен жолдастық қарым-қатынасы жарасқан.

К.Ә.Сағадиев әдебиетші болмаса да қазақ халқының біртуар азаматтары Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамбетов, Қаныш Сәтпаев, Шахмардан Есенов, Евней Букетов, Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазиндердің көркем портреттерін асыл сөздермен жасады.

Ол Ахмет пен Міржақып сынды рухани күш иелерін өмірге әкелген қасиетті кең-байтақ қазақ даласының ұрпағы екенін ешқашан ұмытқан емес.

К.Ә. Сағадиев - сирек эрудициялы, үлкен әкімшілік-ұйымдастырушылық және ғылыми-педагогикалық тәжірибесі бар, саф алтындай интеллект иесі.

К.Ә.Сағадиев дәлелді сенімділігімен, шешендігімен тек оқырмандарын ғана емес, қарсыластарын да өзін құптауға мойынсұндырады.

К.Ә.Сағадиевтің қатысуымен өткен күнделікті отырыстар ірі конференцияға, ал жай ғылыми семинарлар орасан форумға айналып кетеді.

К.Ә.Сағадиевтің баяндамалары қанықтылығымен, бейнелі нақтылығымен ерекшеленеді. Айтылған әрбір сөзі өз орнын тауып құлақ құрышын қандырады. Кенжеғали Әбенұлының пікірлері мәнді, ойлы болып келеді.

Ол еліміздің интеллектуалдары алдында да, студенттердің арасында да өзін еркін сезінетін сирек те, батыл шешен. Бұл кісі әрбір адамның жүрегіне жол таба білетін адам.

К.Ә.Сағадиев - ерекше шынығудан өткен, республикамыздың зияткерлік жетістігінің белгісі және халқымыздың кадрлық алтын қорының елеулі мүшесі.

К.Ә.Сағадиев - үш есейген ұл мен 8 немерешөбере тәрбиелеп отырған үлкен бір әулеттің отағасы. Жұбайы - Нағытай Әбітайқызы Кішкенова - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, мерейтой иесінің арқа сүйер көмекшісі.

Кенжеғали Әбенұлы өзінің 70 жылдық мерейтойын қашанғысынша нағыз шеберге тән сергек қалпында қарсы алып отыр.